

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Жаратылыстану ғылымдары факультеті

**БИОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ САБАҚТАС ҒЫЛЫМДАР ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ
БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ
№ 9 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

21.06.2024 жыл

Қатысқандар: АК төрағасы б.ғ.к., доцент м.а. Абдраимова Қ.Т., АК мүшесі, академиялық персонал, техн.ғ.к., доцент м.а. Ибрагимова Э.Қ., АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Абишова Г.У., АК мүшесі, академиялық персонал, аға оқытушы Бабаева Г.А., АК мүшесі, академиялық персонал, жұмыс беруші Ниязов А.Қ. - “Қаратау мемлекеттік табиғи қорығы” РММ директоры, АК мүшесі, білімгерлер өкілі Примжанова А.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Кафедра ББ бойынша білімгерлердің контингентін қалыптастыруын, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін талдау
2. АК жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну

АК төрайымы Қ.Т.Абдраимова сөз алып, қаралатын мәселелермен таныстырды: Күн тәртібінде көрсетіліген мәселелер бойынша маусым айында атқарылған жұмыстарды, атап айтқанда Кафедра ББ бойынша білімгерлердің контингентін қалыптастыруын, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін талдау, АК жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну.

АК мүшесі, академиялық персонал – техн.ғ.к., аға оқытушы Э.Қ.Ибрагимова: 6В051-Биологиялық және сабақтас ғылымдар даярлау бағытындағы 6В05146-Биология, 6В05169-Биотехнология білім беру бағдарламалары бойынша білімгерлердің контингентін қалыптастыру ағымдық мерзімдегі барлық белгілі тәсілдермен жүргізілген кәсіби бағдар жұмыстарының нәтижесіне де байланысты болатыны анық. Сондықтан, 2024-2025 оқу жылындағы академиялық топтардағы білім алушылардың негізгі оқу жоспарындағы модульдер бойынша тіркелген пәндеріне, сабақ типтеріне қатысты топтар жасақталады. Әрі, осы жағдай кафедра ОПК-ның штаттық кестесіне де әсер ететінін ерекше атап өтті.

АК мүшесі, академиялық персонал – аға оқытушы Г.А.Бабаева: Талқыланып отырған сұраққа сай түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері бойынша келесі мәліметті ұсынды: оқу бітіргеннен кейін түлектердің алғашқы жылы жұмысқа орналасу үлесі 6В05146 - Биология білім беру бағдарламасы бойынша - 58,1%, 6В05169 – Биотехнология - 80 %-ды құрады. Түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткішін көтеру қажет. Әрине, университет бітіргеннен кейін бірден жұмысқа орналасу қиынға соғады.

Сондықтан, мемлекет тарапынан жас мамандарды қолдайтын «Дипломмен ауылға», «Жастар тәжірибесі» бағдарламаларсымен түлектерді ауылдық өңірлерге тарту қажет.

Шешім:


- 1.Кафедра ББ бойынша білімгерлердің контингентін қалыптастыру барысы қанағаттанарлық деп табылсын, түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелерін аталған көрсеткіштерден де көтеру бойынша әрі қарай жұмыстар жүргізілсін.
- 2.Маусым айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:



Қ.Т. Абдраимова

Хатшы



Г.О. Абишова